

Stopstastic.kz сайты пайдалану шарттары

1. Осы stopspastic.kz Веб-сайты (бұдан әрі – «Веб-сайт») «Ипсен Фарма Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (бұдан әрі – «Ipsen») әзірленген және қазіргі уақытта пайдалануға беріліп отыр. Сіздің Веб-сайтқа кіруіңіз және оны пайдалануыңыз осы Шарттармен және барлық қолданылатын заңдармен реттелетінеді. Веб-сайтқа кіру арқылы сіз осы Шарттармен ешбір шектеусіз немесе біліктіліксіз келісесіз.

2. Автор

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ««Ипсен Фарма Қазақстан».
ТОО "ИПСЕН ФАРМА ҚАЗАҚСТАН" (IPSEN PHARMA KAZAKHSTAN)
050040 (A15G7M6), Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Байзақов к-сі, 280, н. п. 15к.
Тел.: 8 (727) 264 64 48

3. Ақпаратты пайдалану

Веб-сайт спастикалық бұзылыстары бар пациенттерге қолдау көрсетуге арналған ақпараттық ресурс болып табылады. Сайтта берілген мәліметтер кәсіби медициналық кеңесті алмастырмайды, сіздің жеке жағдайыңызға немесе еліңіздегі талаптарға сәйкес келмеуі немесе толық болмауы мүмкін. Өз жағдайыңызға қатысты барлық сұрақтар бойынша әрқашан өз дәрігеріңізге жүгініңіз.

Бұл Веб-сайттағы ақпарат тек ақпараттандыру мақсатында ұсынылады және төмендегілерге арналмаған:

- медициналық қорытынды беру;
- диагноз қою;
- денсаулық сақтау саласының қызметкерінің кеңесін, қорытындысын немесе ұсыныстарын алмастыру;
- Ipsen компаниясының кез келген өнімі мен қызметін ұсыну немесе жарнамалау.

Сайтта көрсетілген өнімдерді қолданар алдында дәрігердің немесе өзге де медициналық қызметкерлердің кеңесін міндетті түрде орындаңыз немесе олармен кеңесіңіз.

Сайттағы мәліметтерді коммерциялық мақсатта таратуға, өзгертуге, жіберуге, қайта қолдануға немесе қайта жариялауға тыйым салынады; сайтта көрген барлық материалдар авторлық құқықпен қорғалған деп есептеледі (егер өзгеше көрсетілмесе). Мұндай материалдарды тек осы Шарттарға сәйкес пайдалануға болады.

Осы бөлімде басқаша рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, Ipsen веб-сайтта көрсетілген материалдарды пайдалануыңыз Ipsen-ге тиесілі емес немесе оған қатысы жоқ үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтынына кепілдік бермейді немесе ұсынбайды. Жоғарыда көрсетілген шектеулі рұқсаттарды қоспағанда, және

де Ipsen авторлық құқығы немесе басқа тұлғалардың құқығын алмағанда, Сізге ешқандай лицензия немесе ақпаратқа құқық берілмейді.

Бұл Веб-сайтта Ipsen немесе өзге тұлғаларға тиесілі зияткерлік технологиялар, өнімдер, процестер туралы ақпарат болуы мүмкін. Сізге мұндай тауар таңбаларын, патенттерді, коммерциялық құпияларды, технологияларды немесе өзге де зияткерлік құқықтарды пайдалануға ешқандай құқық берілмейді.

4. Кепілдіктерден бас тарту

Ipsen Веб-сайттағы ақпараттың дәлдігі мен өзектілігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады, алайда ақпаратта қателер немесе баспа қателері болуы мүмкін. Ipsen кез-келген уақытта алдын ала ескертусіз берілген ақпаратқа өзгерістер, түзетулер және/немесе жақсартулар енгізу құқығын өзіне қалдырады. Ipsen қандай да бір ақпараттың дұрыстығына қатысты ешқандай кепілдік немесе мәлімдеме жасамайды; Ipsen веб-сайттың мазмұнындағы қателер немесе олқылықтар үшін жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

БАРЛЫҚ АҚПАРАТ ҚАЛАЙ БАР СОЛ НҰСҚАДА БЕРІЛЕДІ. IPSEN КОМПАНИЯСЫ ОСЫ ВЕБ-САЙТТА АҚПАРАТТЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫНА НЕМЕСЕ ДӘЛДІГІНЕ, СОНДАЙ-АҚ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫНА ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. ОСЫҒАН ОРАЙ АҚПАРАТТЫ ҚОЛДАНБАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ОНЫ МҰҚИЯТ БАҒАЛАУЫ ТИІС. АТАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨЗ ЕРКІҢІЗБЕН ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ӨЗІҢІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП ПАЙДАЛАНА АЛАСЫЗ. ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДА IPSEN КОМПАНИЯСЫ, IPSEN КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН КЕЗ КЕЛГЕН ӨЗГЕ КОМПАНИЯЛАР, СОНДАЙ-АҚ ОСЫ ВЕБ-САЙТТЫ ӨЗІРЛЕУГЕ, ШЫҒАРУҒА НЕМЕСЕ СІЗГЕ ҰСЫНУҒА ҚАТЫСАТЫН БАРЛЫҚ БАСҚА ТАРАПТАР ОСЫ ВЕБ-САЙТҚА КІРУГЕ, ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ МҰМКІНДІГІНІҢ БОЛМАУЫНА, СОНДАЙ-АҚ ВЕБ-САЙТ МАЗМҰНЫНДАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ҚАТЕЛЕРГЕ НЕМЕСЕ ОЛҚЫЛЫҚТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, СЕБЕПТІ-САЛДАРЛЫҚ, КЕЗДЕЙСОҚ НЕМЕСЕ АЙЫППҰЛДЫҚ ЗИЯН ҮШІН КЕЗ КЕЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДЕН БАС ТАРТАДЫ.

Бұдан бөлек, Ipsen компаниясы Сіздің ақпаратқа қол жеткізуіңіз немесе оны пайдалануыңыз нәтижесінде құрылғылыраңызға немесе өзге де мүлкіңізге келтірілген кез келген зақымдар үшін, сондай-ақ аталған құрылғылырға немесе мүлікке енуі мүмкін вирустар үшін ешқандай жауапкершілік пен міндеттемелерді өзіне алмайды.

5. Құпиялық

Бұл Веб-сайт жеке деректерді жинау үшін қолданылмайды, және сіздің келісіміңізсіз жеке сәйкестендірілетін ақпарат жиналмайды. Веб-сайтта түрлі әдістердің (соның ішінде «cookie» файлдарының), сондай-ақ интернет-статистика сервистерінің (Яндекс Метрика және тағы басқалар) көмегімен сайтқа кіру туралы

сәйкестендірілмейтін деректерді жинау және өңдеу жүзеге асырылады. Бұл ретте мұндай әдістер мен құралдар пайдаланушыларды сәйкестендіру, сондай-ақ олардың профильдерін жасау және мақсатты жарнама ұсыну үшін пайдаланылмайды. Веб-сайтта ұсыныс беру технологиялары қолданылмайды.

а) Сәйкестендірілмейтін деректерді жинау:

Ipsen веб-сайтына кірген кезде кіру туралы кейбір деректер автоматты түрде жиналуы мүмкін:

- құрылғының IP-мекенжайы (интернетке кіру жүзеге асырылатын көрсетілген мекенжай, оны компьютерге немесе пайдаланылатын өзге құрылғыға интернет қызметін көрсетуші тағайындайды; ағымдағы қосылу сеансына байланысты өзгеретін ақпарат құрылғы пайдаланушысының жеке басын анықтауға мүмкіндік бермейді);
- тікелей веб-сайтқа өту жүзеге асырылған сілтеме орналасқан веб-сайттың мекенжайы;
- веб-сайтқа және оның жекелеген беттеріне қосылу күні мен уақыты;
- пайдаланушы құрылғысының операциялық жүйесі, сондай-ақ пайдаланылатын браузер;
- cookie файлдары (пайдаланушының веб-беттерге кіру тәсілін, белгілі бір веб-сайтқа кіру уақыты мен санын анықтауға мүмкіндік береді).

Біз сипатталған сәйкестендірілмейтін деректерді сайттарымыздың мазмұн сапасын арттыру, сондай-ақ сайттарымызға кірудің жалпыланған статистикасын алу үшін пайдаланамыз. Аталған статистиканы үшінші тұлғалар жинауы мүмкін, мұндай жағдайда олар да мәліметтердің құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

б) Cookie файлдарын пайдалану

Браузер баптауларында рұқсат етілген жағдайда, сәйкестендірілмейтін деректер cookie файлдары арқылы да жиналуы мүмкін. Бұл ретте cookie файлдары құрылғыңыздың жадында (қатқыл дискіде) сақталады. Сіз браузеріңізді cookie файлдарын қабылдамас бұрын ескертетіндей немесе мұндай файлдардан әрдайым бас тартатындай етіп баптау арқылы ақпараттың cookie файлдарына жазылуының алдын ала аласыз. Cookie файлдары туралы қосымша ақпаратты <http://www.microsoft.com/info/cookies.htm> сайтынан алуға болады.

6. Құқықтық салдарлар

Егер Ipsen компаниясы сіздің тарапыңыздан осында келтірілген шарттардың бұзылғаны туралы (толық немесе ішінара) білсе, ол кез келген уақытта алдын ала ескертусіз пайдаланушының веб-сайтты пайдалануына жол бермеуді қоса алғанда, дереу түзету шараларын қолдана алады. Егер сіз жіберген бұзушылықтар

нәтижесінде Ipsen компаниясы зардап шегуші тарап болса немесе шығынға ұшыраса, ол өз қалауы бойынша сізден залалды өтеуді талап ете алады.

7. Өзгерістер

Ipsen компаниясы осы жарияланымды жаңарта отырып, осы шарттарды кез келген уақытта қайта қарай алады, бұл ретте сізге құжаттың жаңартылған нұсқасымен келісіміңізді білдіру ұсынылады. Қайта қаралған шарттар сипатталған жаңарту сәтінен бастап 30 күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді. Егер сіз жаңа шарттармен келіспесеңіз, тиісті хат немесе қалқымалы терезе арқылы ұсынылған құралдарды пайдаланып, бұл туралы көрсетуіңіз керек; бұдан кейін сізден веб-сайтқа кіруді және оны пайдалануды тоқтату талап етіледі. Сізге өзіңіз үшін міндетті болып табылатын шарттардың ағымдағы нұсқасымен танысу үшін осы бетке мезгіл-мезгіл кіріп тұру қажет. Ipsen компаниясы сіздің немесе өзге тұлғалардың алдында қандай да бір міндеттемелерсіз осы веб-сайттың жұмысын кез келген уақытта тоқтату құқығын өзіне қалдырады. Бұл жағдайда сіз веб-сайт жұмысының тоқтатылатыны туралы алдын ала хабарлама аласыз.

8. Зияткерлік меншік

Осы веб-сайттың мазмұны авторлық құқықтарға қатысты қолданыстағы заңнамамен толық көлемде қорғалған. Веб-сайттағы барлық материалдар Ipsen компаниясының алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да бір тәсілмен таратуға, көрсетуге және әрі қарай пайдалануға жатпайды.

9. Шарттардың тәуелсіздігі

Осы шарттардың қандай да бір ережелерінің жарамсыздығы және заңды күшінің болмауы басқа ережелердің жарамдылығына және заңды күшіне ешқандай әсер етпейді, олар бұл ретте толық көлемде өз күшін сақтайды; осы шарттардың негізгі нормаларының жарамсыздығы және заңды күшінің болмауы танылған жағдайлар бұған қосылмайды.

10. Қолданылатын құқық

Осы шарттар, сондай-ақ сіздің веб-сайтты пайдалануыңыз Қазақстан Республикасының заңнамасымен (халықаралық коллизиялық құқықпен реттелетін нормаларды қоспағанда) реттеледі.

11. Дауларды шешу

Тараптардың өзара келісімі бойынша шешілмеген даулы мәселелер Қазақстан Республикасы юрисдикциясының сот және төрелік мекемелерінің қарауына беріледі.